

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 10 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 желтоқсанда № 5153 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округі әкімінің 23.01.2018 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 22 қарашадағы № 11-3/633 ұсынысы негізінде Сарыжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдарының арасында сарып ауруының анықталуына байланысты Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округінің Сарыжар ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыжар ауылдық округі әкімі

Р.Ильсова